

қарым-қатынас жасауы болып танылды. Кадрлар бөлімінің бастығы И.А.Оверченко өзінің негізгі қызметін түлектерді бөлумен және орналастырумен қоса атқарды, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, институт беделін көтерді [2].

Институт тарихындағы маңызды оқиға 1975 жылғы оқу ғимараттарының, жатаханаларының, тұрғын үйлердің және көмекші инфрақұрылымдары бар (кітапхана, спортзал, кафе-асхана, ветклиника және т.б) типтік жобадағы студенттер кешенінің берілуі болды. Бұл жоғарғы оқу орнын қалыптастыру тарихындағы оқу ордасының алғашқы басшыларының, қызметкерлері мен оқытушылардың қомақты, баға жетпес үлесі еді. Жылдар өте келе қалыптасу кезеңінен өткен Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институты жоғары ауыл шаруашылық білімі мен ғылымның ірі орталығына айналды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана: история и современность (1963-2008 гг.) – «Туран» МКТУ им. А.Ясауи, Туркестан, 2008. – 244 с.

2. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне 50 жыл: Жылдар. Тұлғалар. Жетістіктер (1963-2013) – Орал, 2013. – 346 б.

3. БҚАТУ тарихындағы тұлғалар – История ЗКАТУ в лицах: анықтамалық. – Орал, Жәңгір атындағы БҚАТУ РББ, 2013. – 168 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье исследуется история образования и деятельность ЗКСХИ

RESUME

This article explores the history of education and the activities of WKAI

ӘОЖ 323 (574)

Д.М. Құттыбаева, аға оқытушы

Г. Бәлдір, студент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

ҰЛТТЫҚ САНА – ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ НЕГІЗІ

Аннотация

Мақалада ұлттық сананың мәні мен ұлт руханиятына тигізудегі маңызы қарастырылады.

Түйін сөздер: ұлттық сана, рухани жаңғыру, ұлт, мәңгілік ел, патриотизм

Ұлттық сана – ұлт руханиятының негізі. Ұрпақтан ұрпаққа тарихтың білімі, тұлғалар тағылымы, ұлттық тәрбие арқылы беріліп отырады. Ұлттық сананы ұлт руханиятының өзегі дейтін себебіміз, тарихта қазақты ұлт ретінде сақтап қалған дүние – ұлттық сана, ұлттық сананың рухы. Ұлттық сана ұлттың рухани әлемінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырғандықтан да тарихтың қиын кезеңдерінің өзінде елдің бірлігі жоғалмаған.

Біз тарих пен тағдырдың ауыр соққысы мен ғасырларға созылған ұзақ уақыттағы қиыншылықтардың барлығын басымыздан өткеріп, көріп келген елміз. Біздің қазақ халқы өте төзімді, шыдамды, қайсар, батыр, ер халық деп ойлаймын. Себебі, тарих беттерін парақтап қарасақ, қатыгез толқындар біржолата жойып жіберетіндей азапты жылдарда тарыдай шашырап кетсе де, қазақ халқы қабырғасы қайыспай, аман қалып отырған. Осындай нағыз мәртебеге лайық, олар біз үшін патриоттықтың, батырлықтың үлгісін көрсетті. Ұлы дала мемлекетінің іргетасы мықтап қалануына Абылай мен Әбілқайыр хандарымыз, Қабанбай, Бөгенбай, Науырзбай сынды батырларымыздың әрбір жүріп өткен даңғыл жолы ұрпаққа үлгі, шежіреге толы, тағдыры-тарих деп есептеймін. Мемлекеттің ең басты құндылығы тарих. Себебі, ұлттық идея, ұлттық идеология да тарих арқылы жасалады. Тарихсыз дінді де, ділге қажет құндылықтарды да жүйелі түрде игеру мүмкін емес. Тарихты білу, жүйелі түрде оқытып, үйрету арқылы ғана халықтың жан дүниесіне жақын, ұрпақтың танымы тілейтін құндылықтарды қоғамдық ортада насихаттау жүзеге асады[1].

Талайлы тарихты жариялап, ұлыларды ұлықтап адамзаттың бойына рух берген, еңсесін көтертіп, болашаққа деген сенімді, үмітті жандырған ол елбасымыз. Оның көрегенділігі мен сарабал саясатының арқасында тың идеялар мен реформалар болашаққа жаңа бастамамен жол тартуда. Тілге тиек етсек, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. Бұл Қазақстанның болашақ қоғамы дамуының жалпы көрінісі. Сананы жаңғырту - бұл қоғамның барлық мүшелерімен ажыратылатын бірегейлік құндылықтар және мәдени жадылар. Аталмыш бағдарламаның негізгі бағыты бәсекеге қабілеттілік, білімнің жоғары құндылықтары және білім мен сананың ашықтығы болып табылады. Сонау ата-бабамыздан бойымызға қанмен дарыған кейбір қасиет өзге ұлт өкілдерінің бойынан таба алмайсың. Қазақ халқының даналығында шек жоқ себебі әрбір сөзінде астарлы да тәрбиелік мәні зор. Сонау заманда би-шешендеріміз дауды бір сөзімен тоқтатқан. Олар қара қылды қақ жарған әділ қазы болған. Тек билерміз ғана ел билеу ісіне араласып қана қоймай, оған қоса ақын-жазушыларымыз да өз ойларын билікке, тәрбиеге деген алып-қосарларын өз өлең шумақтарымен астарлап жеткізген. Тілге тиек етсек, Жиренше шешен өз дәуірінде ханның жанында пйдады кеңестер айтып, халық бұқарасының атынан сөйлеген. Оның атынан айтылып, халық жадында сақталған аңыз-әңгімелер мен шешендік сөздер көп. Осындай тарихи ұлы тұлғалардың бізге аңыз-әңгімелері осы заманға дейін жазбаша да ауыздан-ауызызға жатталып таралған. Осындай ата-бабалырымыздан қанымызға сіңген бұл қасиеті заман ағымына байланысты өзгерсе де тарих салпыншақтары әлі сақталған. «Адамзат баласының алдында үш айғақты зор міндет тұр: бірі-бейбітшілікті, екіншісі-руханиятты, үшіншісі-табиғатты қорғау һәм сақтап қалу. Бұлардың қай-қайсысы да біздің тіршілігіміздің басты бағдары. Бір-бірін толықтыратын ұғымдар». Осы үш бастауға Қазақстанның ғана емес, бүкіл елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтпақшы адамзат баласының өмір сүруіне қажетті үш фактор. Мұның ішінде, әсіресе «Руханият» ең алдымен тәлім-тәрбиеге, білімге, адамгершілікке үндейді, болашақ ұрпақтың өн бойына рухани азық сіңіруге тырысады. Өйткені тәлім-тәрбиенің, адамгершілік қасиеттердің адам өмірінде алар орны ерекше. Атақты ғұлама ғалым, әлемнің екінші ұстазы Әл Фарабидің де «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы» деген аталы сөзі бар. Осыдан-ақ тәрбиенің адам өміріндегі маңызын көруге болады. Осы тұрғыдан келгенде қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздері халыққа ерекше тәрбие береді, адамгершілікке үндейді. Қай қара сөзін алып қарасақта тәрбиелік мәні зор. Әйтсе де білімге ұмтылушы жастар үшін. Адамның қолын бақытқа жеткізетін ілім-білімді игеру тек жастардың қолынан келетін іс. Абай атамыздың мына сөзін келтіреп болсам «адам

ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», — деп ойын осы сөзінде одан ары кеңіте отырып дамытатынын көруге болады[2].

Жаһандық бәсекеге қабілетті заманда болашақ ұрпақты саналы да білімді етіп жан-жақты етіп тәрбиелеу. Жастардың бойына біліммен қатар құқықтық сауатылықты да қатар беру. Еліміздегі әлеуметтік, саяси, діни, мәдениет тұрғысындағы барлық өзгеріс халыққа өз ықпалын тигізбей қоймайды. «Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды», деп жазған елбасымыз алға үлкен мақсат қойып отыр. Ол тек қазақ жұртшылығын ғана емес бұл мәселе қазір әлемнің өркениетті елдерінің бәрінде қызу талқыланып, тығырықтан шығар жолдың түрлі нұсқалары қарастырылуда. Бұл бағытта Қазақстан Республикасы Президентінің жұртшылық талқысына салған «Біртұтас Ұлт болу» жолындағы ой-толғаныстарында көпшіліктің көкейінде жүрген көп сауалға жауап бере алады. Сол себепті оған тек Қазақстан ғана емес, әлемнің өзге де елдеріндегі саясаткерлер, ғалымдар мен өзге де ғылым салаларындағы сарапшылар да қызығушылық танытуда.

Мемлекет басшысының қоғамдық сананы жаңғырту мақсатында ұсынған – Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Туған жер» бағдарламасы», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» сияқты алдағы уақытта қолға алынатын жобаларының бәрі көпшіліктің көкейінен шығары сөзсіз. «Ұлт пен тіл мәселесіне келгенде ең бастысы, ұлттық оқшауланудан, томаға-тұйықтықтан қашу керек» деген ұстанымын кеңейтіп, бағдарламалық мақаласында ұлттық сананы жаңғыртудың нақты жолын көрсетіп отырған Нұрсұлтан Назарбаев баршамызға ұлт мүддесі жолында бірігудің маңызын барынша түсіндіріп берді. «Рухы еркін халық қана ұлы істерді атқара алады... Ел көшін бастау – маған сын болсын, мені қоштау – елге сын болсын» деген Елбасына дәл қазіргі кезеңде біздің де қолдауымыз өте қажет деп ойлаймын[3].

Елбасы қоғамды да, сондай-ақ әрбір азаматты да жаңғыртудың бірқатар негізгі бағыттарын ерекше бөліп көрсетіп отыр. Біріншіден, бұл - бәсекеге қабілеттілік, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерді білу, мәдени ашықтық сияқты факторларға негізделген тың жаңалықтарды әлемге ұсыну қабілеті. Екіншіден, бұл - прагматизм. Ол бірқатар әдеттер мен таптаурындықтардан бас тартуды да, сонымен бірге ұлттың прагматикалық мінез-құлқы мен ұтымды ойлауын, ата-бабалар дағдыларының тарихи тәжірибесін де қамтиды. Үшіншіден, ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық сана өзгерген кезде ұлттық «Мен»-нің ішкі мәйегін сақтау. Бүгінде, барлық жағымсыз нәрселерге дәстүр мен салт-сананы қарсы қоюға болады. Сонымен бірге, біз ұлттың дамуына кедергі келтіретін өткеннің сарқыншақтарынан арылуымыз керек. Төртіншіден, білім салтанаты - ұлттың жетістігі. Алдағы технологиялық революция қазіргі жекелеген кәсіптердің жойылуына алып келген кезде, білім - қол жеткізер табыстың ең іргелі факторы болмақ. Бесіншіден, тек қана эволюциялық даму біздің өркендеуімізге жол ашады, бұл жаңғыру идеологиясының қағидаты және Қазақстанның әрбір азаматының ішкі сенімі. Алтыншыдан, сананың ашықтығы, аума-төкпе заманда қоғамның және әрбір адамның өзгеріске дайын болуы. Бұл көзқарастар қоғамдық сананың жаңғыруы үшін іргелі негіз болады. Мемлекет басшысы алдағы жылдарға арналған бірқатар нақты жобаларды айқындады. Алдымен, бұл - қазақ тілін жаһандық ақпарат және байланыс әлеміне жол ашатын латын әліпбиіне көшіру. Әлемдік ғылым

мен технологиялардың, гуманитарлық білімнің соңғы жетістіктерін қамтитын 100 жаңа оқулық мемлекеттік тілге аударылып, басып шығарылады. «Туған жер» бағдарламасы кәсіпкерлердің, шенеуніктердің, зиялы қауым өкілдері мен жастардың өздерінің кіндік қаны тамған жеріне қамқорлық жасап, қолдау көрсетуіне, патриотизмді қалыптастыруға қолайлы мүмкіндік береді. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жалпыұлттық қасиетті орындарды және аса қастерлі жерлерді сақтауға, сондай-ақ елдегі туристік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру Қазақстанды өз шығармашылығы арқылы дүниежүзіне танытатын көптеген таланттарға жол ашады. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бүгінгі замандастарымыздың түрлі салалардағы жетістіктерін дәріптеуді қамтамасыз етеді және жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің жарқын үлгісі болады. Бұл тапсырмалар мемлекеттің және азаматтық қоғамның барлық идеологиялық жұмысының орта мерзімді перспективадағы негізі болады. Елбасының «жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс - біздің дамуымыздың ең басты қағидасы» деген тезисі бүгінгі таңда өте өзекті. Сананы жаңғырту біздің мақсаттарымыздың бірлігін, құндылықтарымыздың ортақтығын және қоғамдық келісімнің қуатын айшықтайды. Жаңа идеологиялық тұғырнама конституциялық реформаны, Үшінші жаңғырудың экономикалық өркендеуін толықтыра түседі және Қазақстанның ХХІ ғасырдағы табысты дамуының ділдік қозғаушы күші болып табылады. Қоғамдық сананың өзгеруі сынаптай сырғыған уақытта, жаңа сын-қатерлер заманында Қазақстанның дамуының негізі болатын тұрақтылықты, бірлікті, татулықты нығайтуға мүмкіндік береді. Біз, қазақстандықтарды жауапкершілікті мойынға алып, жаңа идеологиялық «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тұғынамасын іске асыруға белсене қатысуға шақырамыз! Біз, халқымыздың шығармашылық әлеуеті әрдайым асқан биік ұлттық рухтың, жеңіс рухының, кемелдікке, әлемдік өркениеттен лайықты орын алуға ұмтылудың жарқын көрінісі болатынына сенімдіміз!

Алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңғалар, талай-талай жаңалық ашар білімділер керек. Осы Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезінейік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Ә. Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам // Егемен Қазақстан. – 2012. – 10 шілде.
2. Ғ.Есімов. Хакім Абай. Алматы., 2005. -182б.
3. «Ұлттық сана ана тілмен қалыптасады» // Егемен Қазақстан. - 2017.- 2 тамыз.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается значение национального самосознания и его роль

RESUME

The article considers the importance of national self-awareness and its role